

## КІРМЕ СӨЗДЕР: ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕНГЕН ОРЫС КІРМЕ СӨЗДЕРІ

*Тортбаева Альбина Чонжибаевна*  
I «А», Филология: Екі Шеттілі; СДУ  
Ғылыми жетекшісі: Абнасырова  
Райхан Жалғасбайқызы

### Жоспары :

1. Кірме сөздер типологиясы;
2. Қазақ тілі мен орыс тілінің тарихи кезеңдердегі өзара лексикалық әсері:

XVIII ғ.- XVIII ғ. II жартысында; XIX ғ. I жартысы мен XIX ғ. II жартысында (Абай мен Ыбырай неізін қалаған жаңа жазба әдеби тілдегі орыс тілі элементтері.); XX ғ. басындағы қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. (1920-1930 жж. Баспа бетіндегі кірме сөздер); Кеңес заманы кезінде енген кірме сөздер.

3. Қазақ сөйленістеріндегі орыс кірме сөздері;
4. Терминологиядағы орыс кірме сөздер;
5. Қазіргі замандағы қостілділік, тұрмыстық қостілділік проблемасы. Жеке жүргізілген сараптама анализінің нәтижелері.
4. Қазіргі кездегі тіл мәселесі, ана тіліміздің тазалығын сақтау жолдары.

*Лексикология* (грекше «*Lexis*» - «Сөз» және «*Logos*» - «Ілім») сөзді және сөздердің жиынтығы –тілдің сөздік құрамын (лексикасын), оның жасалып қалыптасуы мен дамуын зерттейтін ғылым. Тарихи лексикологияның бір саласы – *этимология*-сөздердің шығу тарихымен қатар белгілі бір тілдің лексикасына ерте заманда енген кірме сөздердің ену тарихы мен оның жолдарын да қарастырады. *Кірме сөздер*-әрбір тілдің лексикасында кездесетін, шығу жағынан басқа тілдік сөздер. Көне замандарда бір тілден екінші тілге еніп, әбден қалыптасып кеткен кірме сөздерді зерттеу бойынша әр түрлі халықтардың ерте дәуірлерде бір-бірімен жасаған қарым-қатынастарының түрлерін айқындауға болады. Сөздік құрамына басқа тілден сөз енген тіл жоқ деуге болады, себебі дүние жүзіндегі түрлі-түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар өзара бір-бірімен қарым-қатынаса болады, тілдердегі сөздер де өзара ауысады. Тілдегі кірме сөздердің санының аз я көптігін тарихи жағдайларға байланысты. Парсы тілінің лексикасында араб тілінен енген сөздер көп. Ағылшын тілінің лексикасында төл сөздер 30 % шамасында ғана, ал өзгелері басқа тілдерден енген. Болгар тілінде түрк тілінен енген, ал түркі тілдерінде сөйлейтін халықтардың (Қазақ, әзірбайжан, татар, түрікмен, өзбек, якут, башқұрт) тілдерінде орыс тілінен енген сөздер көп. Мысалы: доға, қамыт, жәшік, самауыр, бөтелке, жәрмеңке, кір, сот, түрме, барқыт. Орыс тілінде де түркі тілдерден көп сөздер енген. Мысалы : *арба, арбуз, арғамак, арык, аришин, баклажан, бай, балык, беркут, баимак, буран, изюм, кабан, каракуль, кинжал, кумыс, каторга, камыш, капкан, лошадь ( татарша «алаша-ат»), карандаш (қара-даш), табун, туман, утюг ( от-кі), чабан, янычары ( жаңа әскер)*, т.б. түркі тілдері мен орыс тілінің бір-бірімен сөз алысуы осы халықтардың жүздеген жылдар бойына қоныстас, көршілес елдер болып, экономика мен мәдениет саласында қарым-қатынас жасап келуінің нәтижесінде болды. Тілдің лексикасында *ауызша енген кірме сөздер* де, *жазбаша енген кірме сөздер* де бар:

- *Ауызша енген кірме* сөздердің көпшілігі тұрмыс қажетіне байланысты зат атаулары, мәдениетке байланысты ұғымдардың атаулары болып келеді. Кірме сөздердің бұл түріне тән ерекшелік-олар қабылдаушы тілдің фонетикалық заңдарына, орфоэпиялық ерекшеліктеріне сай сәйкестендіріледі, яғни фонетикалық жақтан игеріледі.

Мысалы, орыс тіліндегі *Волость* деген сөз қазақ тіліне енгенде, *Болыс* болып өзгерілуін талдасақ, қазақ тілінің төл сөздерінде В дыбысының болмауынан, ол Б дыбысына ( еркін дыбысы) айналған да, екінші буында еріндік О дыбысының қолданылмау заңдылығынан ол дыбыс езулік Ы дыбысына айналған: сөз соңындағы ТЬ дыбысының түсіп қалуы қазақ сөздеріне бұл дыбыс тіркесінің тән еместігінен болды.

- *Жазбаша немесе кітаби кірме сөздер* көбінесе ғылыми-техникалық әдебиет пен өнер т.б. арқылы енген және солардың белгілі бір саласына бейімделіп қолданылатын және цивилизация ұғымдарына телінген сөздер болу қасиетімен сипатталады. Сөздердің бұл тобы

өзінің білдіретін мазмұнының айрықша маңыздылығына орай күллі халықтардың тіліне еніп сөздердің интернационалдық тобын құрайды. Әсіресе бұл топқа грек, латын тілдерінің элементтері жатады және бұл сөздер ғылыми-техникалық терминдерді жасауда қолданылады. Мысалы, көптеген тілдерге енген XIV ғ. –дың үлкен жаңалықтары – *телефон* (гр. «tele» -алыс, «phone» -дыбыс), *телеграф* (гр. «tele» -алыс, «grapho»-жазу), *автомобиль* (гр. «autos»- «өзі», лат. «mobilis» - қозғалушы, жүруші) сөздері. Бұл кірме сөздер қабылдаушы тілде грамматикалық жақтан игеріледі, яғни ол сөздерге қабылдаушы тілдің қосымшалары жалғанып, олардың төл сөздермен емін-еркін тіркесіп жұмсалып қабілетіне ие болады және олардың грамматикалық формасының мағынасы сақталынбайды. Мысалы, ағылшын тілінің «рельс» деген сөзі ағылшынша көптік сөз болғанымен (жекеше түрі-rail, көпше-rails), орыс және қазақ тілдерінде жекеше түрде қолданылып, көпше түрде –рельстер болады. Орыс тілі арқылы енген «клапан» сөзі немісше көптік жалғаулы сөз (Klarren) жекеше түрі-die Klarre, ал қазақша - клапандар. Қамыт-тау, рет-теу, сот-тау, нөмір-леу, электр-лен-діру, редакция-лау, наград-тау, ради-оландыру деген етістік сөздер орыс тіліндегі көрсетілген зат есімдерге қазақ тілінің аффикстерінің жалғанып, түрленуінен қазақ тілінің төл сөздеріндей көрінеді.

**Шығу төркі жағынан алып қарағанда, сөздердің тілден тілге ауысуы екі түрлі болып келеді:**

1. **Тікелей ауысу**- белгілі бір сөздер бір тілден екінші тілге тікелей енуі. Мысалы: ботелке, жәрмеңке, жәшік.
2. **Жанама ауысу** – белгілі бір сөздер бір тілден екінші тілге тікелей емес, басқа бір тіл арқылы енеді. Мысалы, қазақ тіліне *көшір*, *түрме* сөздері орыс тілінен енген. Ал бұлардың шығу тегіне қарасақ, олар неміс тілінің сөздері болып шығады. Біріншісі неміс тілінде – Kutsher, екіншісі – Turm ( орысша «башня») түрінде дыбысталады. Яғни бұл сөздер қазақ тіліне тікелей емес, орыс тілі арқылы енген.

**Кірме сөздердің ену сипаты түрліше болады:**

1. Сөздердің бір тілден екінші тілге ауысуы белгіленетін заттар мен ұғымдардың ауысып келуімен байланысты. Орыс тілінен енген Совет, совхоз, колхоз, комсомол, звено, бригада тәрізді сөздер осы сөздер арқылы белгіленген жаңа ұғымдармен бірге Кеңес заманында енді.
2. Қабылдаушы тілде бір тектес ұғымды білдіретін сөздермен бірге қолданылатын кірме сөздер де болады.

*Одеколон – иіссу; километр – шақырым, доктор – дәрігер, табиғат –жаратылыс, шекер-қант, тұрба-мұржа, құрмет –сый, дидар – бет, қайрат –күш* синонимдік қатардағы алдыңғы сыңарлары – араб және орыс тілінен енген сөздер.

Бір тілден екінші тілге сөздердің ену процесінде *кері ену (возвратное заимствование)* құбылысы да болады. Мысалы, орыс тілінің «Ямщик» сөзінің түбірі «Ям» сөзі монғол тілінің «Ям» («почта станциясы») сөзі орыс тіліне татар тілі арқылы енген де, оның туынды түрі «Ямщик» орыс тілінен түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне, «жәмшік» түрінде енген. «Көне орыс тіліне “достакан” деген сөз XI-XII ғасырда ауысты, бұл түркі тілдерінде айтылатын “достаған – тостуган – достакан – тустаған” сияқты сөздерден алынған еді. Бері келе әлгі “достакан” қысқара-қысқара “стакан” болып кетті. Қазіргі қазақ-татар тілдеріндегі “стакан” орыс тілінен келуі даусыз, бірақ оның түбірі біздің “достағаннан” шығуы анық”, дейді. Бұған қосарымыз: арғы түбіндегі тостағанның мәні тосу болса керек деу ғана. Асты алдыңа тостым деген сияқты.

XVIIIғ.- XVIIIғ. II жартысында қазақ тілінің сөздік құрамы екі қабаттан тұрды: қазақтың төл сөздері және араб-парсы сөздері. осы күнгі мол қабат – орыс сөздері аз кездесті. Тек хан-сұлтандардың кеңсе хаттарында ғана повеление-пәрмен, форпост-фарбос, генерал-жанарал,инерал; кавалер-куалер; старшина-старшын; крепость-крепос; сиятельный-сиателни; губернатор: полковник-полкоуник сөздері енді. XIXғ. I жартысы мен XIX ғ. II жартысында Қазақстан жерінің Ресей империясының құрамына кіруімен байланысты өзгерістер себептерінен енген кірме сөздер саны да артты:жәрмеңке-ярмарка; солдат;расхот; старшын,майыр,сот, самауыр, кір, піркәшік, тарантас, поднос; комендант, соха, чашка, стакан, жарма, мүжык, кристал, поштабай, закүн, көпес, ояз, болыс, статья, ауылнай, сиез, сенат, дума, комиссия, телеграмм, миллион, фабрик, медаль, ызбот, поклон,именной,бөтелке, кіреует, шиделке, пар, формы, румке, қарындаш, студент, машина, линейка, минут, секунт, спечке, шот, шөтке, магазин, карта, кампит, полисия, тетрадь, шкаф, бұлке, капуста, стул, скамья, поднос, вилка, шәйнек, картош. 1920-1930 жж. Пуризм,яғни жаңа атуларды, термин сөздерді қалайда қазақшаға аудару орын алды, олар көп жағдайда орынсыз аударылды.мыс: плакат-жалынды

сөзді сурет, шерстяной костюм-кып пенжәг, авторучка-мәңгілік қалам, портфель-былғары дорба, тюрма-қараңғы үй, вагон-бағон. 1940жылы термин сөздермен бірге қазақ тіліне орыс тілінің біраз қосымшасы да кірді: студент-студентка, социал-изм, Тортбае-ва, Бут-ин, Омар-ов.

Қазақ тіліндегі кірме сөздер топтары: *Орыс тілінен енген кірме сөздер (әсіресе солт-батыс және шығыс аймаққа), араб және иран тілдерінің элементтері, түркі тілдерінен енген сөздер.*

Орыс тілі арқылы сөйленістерге енген сөздердің дыбыстық жағынан қабылдауы әдеби тілдегі сипатымен бірдей емес, бұл кірме сөздер ауызекі тілдің дыбысталу ыңғайына сәйкес өзгеріске түсіп айтылады. Мыс: Кәстәңке (Орал, ор. косынка), Кәнеу (Орал, Жымпиты ауд.) ор. Канава – арық, канал. Мәнәт/манат манета, ағлөп (Орал. Чап.), оглобли тәрте, арбаның жетегі, сәтнек (Маңғ.), всадник ертеде салт атпен хат-хабар тасушы. Кейде қазақ сөзі мен орыс сөзі синоним ретінде қолданылады. әсіресе, Орал облысы, Чапаев, Жымпиты аудандарында: Қақпыш//төшелке тушилка – самаырдың кәмпөркесі немесе томағасы; теркөйлек//мәйкі-майка; лапас//пірнәбіс – принавес; пияла//пөзір – пузырь, керосин шамның шынысы, шишасы.

Орталық-солтүстік сөйленістердегі кірме сөздер: Қашауа (Көкш..Щучинск), кашовка – жеңіл шана; күмәжнек//куәжнәк бумажник; күмәгі қағаз, бумага; Оқап ухаб – ойлы-қырлы жер; бедре ведро; бөгребас Қарағанды, погребок, құнт кнут – қамшы, көшкі- кошка. Батыс Сібір қазақтарының тілінде борат-ворота, ырандап қаоу-быть ранненым, далаңқы-деянка, измерлеу-измерять сияқты орыс сөздері бар.

### *Терминология саласындағы орыс кірме сөздері.*

Терминология – өндіріс пен техниканың, ғылым мен өнердің, саясат пен дипломатияның және басқа көптеген салаларға тән терминдер жиынтығы.

1. Терминологиядағы орыс тілінен енген кірме сөздердің үлгісі бойынша жасалып аудармалары кальки деп аталады. Мыс: естествознание-жаратылыс білімі, предисловие-алғы сөз, рукопись-қолжазба, сказуемое –баяндауыш, производительные силы-өндіргіш күштер. Бірақ аударманың бәрі кальки құбылысына жатпайды, мысалы, подлежащее терминнің қазақша баламасы – бастауыш, передовица-басмақала. Бұл сөздердің құрамынан орысша терминнің құрамына сәйкес еш белгі жоқ. Тілдің лексикасының баю жолдарының бастысы, міне, осы кальки жолымен де кірме сөздерді аударылуы болып табылады.

2. Ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларына қатысты барлық тілдерге ортақ, сөздердің халықаралық қоры болып саналатын интернационалдық терминдер бар. Мысалы: демократия, роман, поэма, филармония, дирижер, архитектор, фонема, синоним, антоним, омония, меридиан, синтаксис, изотерма, алгебра, геометрия, циклон, конституция. Қазақ тілінде толық баламасы жоқ орыс тілі арқылы енген шетел тілдерінің интернационалдық терминдерін аударылмай қабылдансын деген принцип, меніңше, бірден- бір дұрыс ғылыми принцип болды. Себебі, керісінше болса терминдердің тиянақсыз, түсініксіз аударылуына жол берілер еді. Әйтсе де, терминдердің бірнеше мағынасы болады, ондай терминдердің қазақ тілінде сәйкес баламасы бар мағынасы аударылып, баламасы жоғы орысша қалпы қолданылуда. Мыс, блок терминті қоғамдық пәндерінің термині ретінде одақ, ал физика пәніне қатысты блок қалпында қолданылады.

3. Терминдердің туынды түрлері де қабылданады, бұл жағдайда олардың түбір тұлғасы аударылмай, сол қалпындағы түбірге қазақ тілінің сәйкес қосымшалары жалғанады: механизация-механикаландыру, коллективизация-коллективтендіру, демократизация-демократияландыру, аграрный-аграрлық, экономический-экономикалық, колхозник-колхозшы, пулеметчик-пулеметші, футболист-футболшы, редактировать-редакциялау.

Халел Досмұхамедұлы айтқандай: Қазақ тілі әлі тексеріліп болған жоқ. Біз жат тілдерге қызығуды қойып, әуелі өз тілімізді дұрыстап тексеруіміз керек. Шындап тексерсек, қазақ тілінің өзінен пәнге жарайтын көп сөздер табылады. Табылмаған сөздерді басқа түріктерден алу керек. Нәзірдің жат сөздерді асылын өзгертпей алу керек деуі қате. Біз тілімізге жат сөз енгізгенде, оның түбірін ғана кіргізуіміз керек, жаңа түбірін өзін де қазақ тілінің заңдарына келтіріп, өзгертіп алуымыз керек. Жат тілдің жұрнақтарын алудың жөні жоқ, жат тілден алынған түбірге біз өз жұрнақтарымызды жалғайтын болуымыз керек. Мен бұл сөздерге толық келісемін, себебі әрбір тілге енген кірме сөздер сол тілдің фонетикалық та грамматикалық та ерекшеліктеріне сай өзгеру керек. Мысалы цехқа, парк-ке сөздерінде үндестік заңы сақталмайды. Қазіргі таңда көптеген филолог ғалымдар қазақ тілін латынға көшіруін оның толық Ресей үстемдігінен айрылуына себеп болып, керек емес 12 әріптен құтылу мүмкіндігіне

ие болады деп санайды. Ал бұл кірме сөздердің қазақ тілінің төл сөздеріне тән ерекшеліктерге сай өзгертілуіне мүмкіндік береді деген пікірлер көп.

Ағылшын тілінде кірме сөзге байланысты негізгі ережелерге сәйкес өзге тілден енген сөздер бастапқыда шет тіл сөздері деп, сосын қолданыстағы жиілігіне байланыста кірме сөздер деп атала бастайды. Меніңше, қазіргі таңда қазақ тіліндегі ауызекі сөйленісте орын алған орыс сөздерінің жиі қолданылуы, бұл сөздердің ана тіліміздегі баламаларының орнына қолданылуына жеткізер қаупі бардай. Бұл, әрине, тіл шұбарлығына, сосын тіл мәдениетінің төмендеуіне алып келуі сөзсіз.

Қазақ халқының бойындағы қазіргі кездегі орыс-қазақ қостілділігінің себептерін табу мақсатында мен жастар арасында сараптама жүргізумен қатар белгілі лингвист ғалымдардың еңбектеріне де шолу жасадым. В.А.Аврориннің айтуы бойынша: «Көпшіліктің сараптама жұмыстары кірме сөздерді қолданушылардың бойындағы ішкі механизмнің қалай жұмыс істейтінін, сөз арасындағы тіл мәліметтерін жинау арқасында бұл қостілділіктің себептерін табу мүмкіндігіне ие боламыз.»

Билингвтардың ерекше қасиеті еркін екі тілде сөйлеумен қатар өз тіліне өзге тіл сөздерін немесе керісінше енгізу болып табылады. Сауалнамаға 18-22 жас аралығындағы 75 студент қатысты. Тіл аралық қатынас нәтижесінде орыс тілінен қазақ тіліне енген кірме сөздерді 3 топқа бөлдім:

1. Күнделікті тұрмыста қолданылатын кірме сөздер. Ғалым Т.А.Бертагаев бұны «тұрмыстық билингвизм» деп атап көрсетеді. Мыс: сотка, единицы, зажигалка, посуда, остановка, семья, т.б.

2. Жастар арасында кең тараған белгілі бір мағынасы бар сөздер-Сленг: бабло, хата, тема, не в тему, классно, грамотно, типа, хавчик.

3. Сөз арасында қолданылатын: например, конечно, жәй, если, и, или, но.

Бұл сөздердің қазақ тіліндегі баламаларын жастардың көбі жазып шықты, ал аталған кірме сөздерді қолдану себептері туралы: 44% —ы өз ойымды жеткізу оңайырақ, 22%-ы әдетке айналған, 17%—ы достарыма еліктеуден, 15%-ы қазақша баламасын білмегендіктен, 2%-ы қазақ тілінде сәйкес сөз болмағанына деп жауап берді. Бұдан байқайтынымыз, көп адам бұл кірме сөздерді өз тіліндегі баламасын білмегендіктен емес әдетке айналғандықтан қолданатыны болса керек. Қолдану аясын туралы келесі сұрақтың жауаптары: 60%-ы күнделікті тұрмыста, 36%-ы достарымның арасында, 4%-ы үйде. Тіл тазалығы үшін күрес-тіл мәдениетін арттыру үшін күрес. Өз ана тілінде баламалары бар бола тұрып, тілін шұбыртып, өзгелерге еліктеп, өзінің мәдениетсіздігін көрсететін адамдар, әсіресе жастар, өкінішке орай көп. Яғни ана тілінің мол байлығы бола тұрып, өзге тіл сөздерін қолдану ел үміт күткен жастарға әдетке айналса, онда қандай тіл мәдениетінің дамуы, ел рухының нығаюы жайында сөз болмақ? Мен тіл тазалығының келесі сақтау жолдарын көрсете кеткім келеді:

1. Мемлекеттік қызметкерлер сөздерінің, әсіресе халық алдында сөйленетін сөздерін мемлекеттік тілде және таза, сауатты болуы.

2. Ақпарат құралдарындағы хабарлама, барлық ақпараттың қазақ тілінде, сауатты да орынды қолданылуы.

3. Жарнамадағы қазақ тілдегі аудармалардағы ақпараттың сауатты да орынды қолданылуы, орфографиялық қателіктер мен тұрпайы аудармадан таза болуы.

4. Аударуға келмейтін терминдердің сол қалпында, ал қазақша орынды баламалары бар терминдердің қазақ тіліндегі нұсқасында қолданылуы.

5. Кірме сөздердің қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық заңдылықтарына сай өзгертіліп, қолданылуы қажет.

6. Жастарды өз ана тілінде таза сөйлеуге, тіл мәдениетін жоғары дәрежеге дамытуға ынталындыратын шаралар жүргізу. Мысалы жақында СДУ-да Қазақ тілі мен Әдебиеті бойынша оқушылар мен мектеп түлектеріне арналып өткен қалалық сайысы.

Қорыта айтсақ, Расул Гамзатов: «Тіл Тілге жау емес» демекші, бір тілдің байлығы екінші тілді де кемелдендіре түсері анық. Кірме сөздер әлемдегі барлық халықтардың өзара экономикалық, саяси, тарихи қарым-қатынасының нәтижесі ретінде әрбір тілде кездесетін құбылыс. Кірме сөздер тілге жаңа ұғымдармен бірге еніп, тілді байыта, кемелдендіре түседі. Әйтсе де, кірме сөздер қабылдаушы тілдің тілдік ережелеріне сай өзгертіліп, немесе орынды баламасы арқылы қолданылуы тиіс.

**Қолданылған әдебиет тізімі:**

Қазақ әдеби тілінің тарихы М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов. Мектеп баспасы. Алматы, 1986

Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері ; Ш. Құрманбайұлы, Алматы: Сөздік-словарь, 2005ж.

Тіл білімінің негіздері, К.Аханов,ЖЖоғары оқу орындарының қауымдастығы, Алматы, 2004

Қазақ диалектологиясы Ғ.Қалиев,Ш.Сарыбаев,Алматы; Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2002.

Қазақша-орысша, Орысша-қазақша сөздік, Б. Исағұлова, Э.Ережепова, Г.Әбдіжапарова, Аруна баспасы, 2002

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі,1976-86,1-10 томдар,Алматы.

Ана тілі газеті, 2006-2007 жылғы барлық сандары,

Есенқұлов А. Кірме терминдер және лоардың жасалу жолдары, Алматы,1986.

Лотте Д.С. Заимствование и упорядочение иноязычных терминов и терминологических элементов, Москва, 1982.

Байтұрсынов А. Ақ жол, Алматы, 1991.

Байтұрсынов А., Тіл тағылымы, Алматы, 1992

Байтұрсынов А. Шығармалары, Алматы, 1989.

Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі, Алматы, 1998

Ибатов А. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі, Алматы, 1988

Нәзір Төреқұлұлы. Жат сөздер туралы. Алматы. Өнер баспасы, 2005

Мырзабеков М. Орысша-қазақша медициналық сөздік, Алматы,1995

Ахманова О.С., словарь лингвистических терминов, Москва, 1966

Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары, Алматы, 1982

<http://www.centrasia.ru/newsA.php4?st=1168338960>

А.Ю. Мусорин Основы Науки о Яхыке,

(Новосибирск. Новосибирское книжное издательство, 2004. - 196 с.)

Егемен Қазақстан газеті, №112-113 (24688). 01 МАМЫР, СЕЙСЕНБІ 2007 ЖЫЛ

## ОМАРҒАЗЫ АЙТАНҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨЛЕҢДЕРІ ТУРАЛЫ

Манат Сағиқызы

*«Қазақ тілі мен әдебиеті» бөлімінің І-курс студенті*

Ғылыми жетекшісі: Дандай Ысқақұлы.

Омарғазы Айтанұлы 1931 жылы 20 қарашада ҚХР Тарбағатай аймағы Толы ауданының Майлы тауында дүниеге келген. 1997 жылы 26 мамырда қайтыс болған. Ол Қытайдағы қазақ әдебиетінің әлемдік өредегі аса көрнекті ақыны. Өрісі кең, өресі биік жазушы. Сұңғыла ойшыл, ғұлама сыншыл, сақа журналист, мемлекеттік үздік драматург. ҚХР жазушылар одағының мүшесі. Омарғазы Айтанұлы Шинжиан университетінің әдебиет факультетінен 1957 жылы бітірген. 1957 – 1959 ж.ж редактор болып істеген. Ал 1959 – 1978 ж.ж «оңшыл» деген атпен айдалған. 1988 жылдан бастап кәсіптік жазушы болған. Ол 1951 жылдан бастап шығармашылықпен айналысқан. 45 жылдық шығармашылық ғұмырында ақын «Құс жолы», «Сәукеле» сияқты үш өлеңдер жинағы жиырмаға жуық дастаннан сұрыпталған «Тырнарлар» атты топтамасы, «Аң шатырын оқ табар», «Таразы» қаталы романдары, «Ақ мысық» атты көлемді драмасы, «Зер жаулық», «Желемік» қатарлы онға жуық сахналық туындылары, бір повесттер жинағы, «Тілдер дамуы», «Оғызнама туралы», «Лирика», «Бөрі және Көктөс» қатарлы жиырмаға тарта зерттеу сын мақалаларын жазып қалдырды. Мұндағы «Аң шадырын оқ табар» романы қытайдағы қазақтардың коммоналасу кезіндегі тұрмысын әсіресе осынау үлкен жаңалыққа деген халық аңысын терең бейнелейді. Ал «Таразы» романы ҚХР –дағы 1980 жыдарда болған реформа кезіндегі қазақтардың жаңалыққа деген көзқарасы мен тұрмыс тіршілігін, күй жаын баяндаған шығарма. Бұл шығарма 1997 жылы ҚХР мемлекеттік әдеби сыйлығын алды және Омарғазы Айтанұлына құрметті жазушы атағ берілді.

Омарғазы Айтанұлы жаңа заман әдебиетіне өзіне ғана тән болмысымен, өз бет алысымен, өз ізденісімен, өзіне ғана тәуелді жасампаздық даралығымен келген жалыны да, жарығы да, алымы да, дарыны да, шырайы да, шұрайы да ешкімге ұқсамайтын түкпірлі, аңғарлы, кең шалымды дара тұлға. Омарғазы білім қаттамы терең, ғылымның бірнеше саласына қанық, білгені, тоқығаны мол ғалым жазушы. Сондықтан оның шексіз ұзақты шалған теңіз іспетті шалқар ойы, ешкімге ұқсамайтын әрі қарапайым қалам шеберлігімен сәйкесіп әдебиетімізге бір тамаша үлгі әкелді. Нақтап айтқанда, ақ өлең үлгісі қазақ жазба әдебиет тарихында өлең жүйесіне Омарғазының бірінші болып қолға алуымен еніп отыр. Мұндағы ақ өлең дегеніміз еркін тұлғалы өлеңді яғни бір қалыпқа түспейтін. тармақтары, буын сандары тұрақсыз және